

Бейнеу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 25/187 "2025 - 2027 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2025 жылғы 8 шілдедегі № 31/229 шешімі.

Бейнеу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейнеу аудандық мәслихатының "2025-2027 жылдарға арналған Бейнеу ауылының бюджеті туралы" 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 25/187 шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізілсін.

Бейнеу аудандық мәслихатының төрағасы

А.Бораш